

Павлодар облысы бойынша жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдалану үшін 2010 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2009 жылғы 20 желтоқсандағы N 257/21 шешімі. Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2010 жылғы 12 қаңтарда N 3150 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2011 жылғы 16 ақпандағы N 352/32 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2011.02.16 N 352/32 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 6-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" кодексінің (Салық кодексінің) 487 бабына және 2003 жылғы 9 шілдедегі "Қазақстан Республикасының Су кодексі" 38 бабының 5) тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ** **ЕТЕДІ:**

1. Павлодар облысы бойынша жер үсті су көздерінің ресурстарын пайдаланғаны үшін 2010 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері көрсетілген шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы

Ю. Әлекпаров

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров

Павлодар облыстық мәслихатының (IV сайланған, ХХІ сессиясы) 2009 жылғы 20 желтоқсандағы N 257/21 шешіміне қосымша

P/CN	Арнайы түрлері	су пайдалану	Өлшем бірлігі	Мөлшерлемелер	
				теңге	тиын
1	2		3	4	5
1	Тұрғын үй-пайдалану және қызметтер	коммуналдық	текше м		6,84
2			текше м		19,64

	Өндіріс, жылу энергетикасын қоса алғанда (өндірістік қажеттіліктер)			
3	Ауыл шаруашылығы	текше м		5,33
4	Су көздерінің суын пайдаланатын тоған шаруашылықтары	текше м		5,33
5	Су көздерінің суын пайдаланбай тоғандарда балық өсірумен айналысатын балық шаруашылықтары	өнімнің тоннасы	138,88	
6	Су көліктері	т.км		0,76

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ